

ЖАППАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН-КУРСТАРДЫ (ЖАОК) ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН КЕДЕРГІЛЕРІН ТАЛДАУ

Д.Ж. Белхожаева^{1,*} , А. Жомартқызы¹ , С.Ш. Даубасов² 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*e-mail: dinar_15@list.ru, zhomartkyzya8@gmail.com, sabit_75@mail.ru

Аңдатпа. Бұл зерттеуде жаппай ашық онлайн-курстарды оқу процесіне интеграциялаудың әлеуеті мен оған кедергі келтіретін факторларға талдау жасалады. Пандемия жағдайында жоғары оқу орындарында техникалық құрал-жабдықтардың көмегімен қашықтықтан оқыту нысандарына ауысуы цифрлық білім беру ресурстарына сұранысты айтарлықтай арттырды. Бұл тұрғыда онлайн-курстарды оқу процесіне енгізу жедел және ресурстық тиімді шешім ретінде ұсынылды. Дегенмен, бүгінгі күнге дейін университет ортасында онлайн-курстарды қолдану және таралу деңгейі салыстырмалы түрде төмен болып қала береді. Бұл жағдай осы зерттеудің өзектілігін анықтады, оның мақсаты онлайн-курстарды шектеулі пайдалану себептерін анықтау және оларды тиімдірек енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу болды. Зерттеудің эмпирикалық базасы жоғары оқу орындарының оқытушыларымен жүргізілген сауалнамалар мен сұхбаттар барысында жиналған деректерді талдау негізінде қалыптасады. Зерттеу нәтижесі онлайн-курсты интеграциялаудың негізгі кедергілерін анықтады: форматтың ерекшелігі, оқытушыларды ынталандырудың жеткіліксіздігі, курстарды оқу бағдарламаларына енгізу кезінде туындайтын әкімшілік тәуекелдер, сондай-ақ университеттегі нормативтік базаның әлсіздігі. Сонымен қатар, зерттеу білім алушылардың академиялық ұтқырлығын кеңейту және білім беру ресурстарының қолжетімділігін арттыру аспектілерінде онлайн-курстардың жоғары әлеуетін растайды. Мақалада онлайн-курстарды қолдану тәсілдерін оңтайландыру және оларды университеттердің білім беру процесіне интеграциялау тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

Кілт сөздер: құқықтық білім, құқықтық сана, цифрлық технологиялар, цифрлық платформалар, жаппай ашық онлайн-курстар (ЖАОК), аралас оқыту, интеграция.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары» білім беру саласында цифрландыруды тереңдетуге бағытталған бірқатар стратегиялық міндеттерді белгілейді. Осы құжатта айтылғандай: «білім беру процесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін онлайн және аралас оқытуды белсенді енгізу» [1] маңызды басымдықтардың бірі болып табылады. Бұл міндеттерді іске асыруда жаппай ашық онлайн-курстар (ЖАОК) платформаларының рөлі ерекше. Соңғы зерттеулер ЖАОК-тарға деген қызығушылықтың артуына және оларға деген қызығушылықтың өсуіне байланысты мынадай негізгі тенденцияларды анықтады: ЖАОК-тарды дамытуды мемлекеттік деңгейде қолдау, оларды дәстүрлі білім беру жүйесімен интеграциялау, интернет пен цифрлық платформалардың қолжетімділігінің артуы онлайн-оқытуды кеңінен таратуға мүмкіндік берді, пандемия кезінде қашықтықтан оқытудың маңызы артып, ЖАОК-тарға сұраныс күрт өсті. Бұл үрдіс, ең алдымен, платформалардың білім беру саласындағы инновациялық бастамаларды тиімді іске асыруымен байланысты. Статистикалық деректер пандемия кезеңінде ЖАОК-тардың таралуының үдемелі өскенін дәлелдейді: ірі платформаларда жаңа пайдаланушылардың тіркелу көрсеткіші пандемияның алғашқы кезеңінде осы платформалардың барлық жұмыс істеген кезеңіндегі жалпы тіркелу санының шамамен 33%-ын құрады [2].

ЖАОК-тардың таралуына әсер еткен негізгі факторлардың ішінде қолжетімділікті арттыру шаралары ретінде курстардың ашықтығын кеңейту, дәстүрлі университет бағдарламалары мен онлайн-курстардың сәйкестігін автоматтандырылған бағалау жүйелерін құру, дәстүрлі білім беру секторының оқытушыларына цифрлық ресурстарды

пайдалану бойынша қысқа мерзімді оқыту курстарын ұйымдастыруды атап өтуге болады. Бұл шаралар жиынтығы ЖАОК-тардың әлеуметтік маңыздылығын арттырумен қатар, заманауи білім беру жүйесіндегі олардың рөлін нығайтуға ықпал етті. Сондай-ақ ЖАОК-тар білім беру технологияларының дамуына жаңа импульс берді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу шеңберінде тақырыпқа қатысты ғылыми жарияланымдарға шолулар жүргізіліп, жаппай ашық онлайн-курстар (ЖАОК) платформалары бойынша пайдаланушылар статистикасына негізделген деректер талданды. Сонымен қатар университет оқытушыларынан сауалнама және сұхбат алу арқылы жинақталған эмпирикалық мәліметтер сарапталды. Осы зерттеу аясында аралас зерттеу дизайны қолданылып, сапалық және сандық деректерді жинау әдістері өзара үйлестірілді. Мұндай тәсіл университеттердің білім беру үдерісіндегі рөлін кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді. Осы зерттеу аясында аралас зерттеу дизайны қолданылып, сапалық және сандық деректерді жинау әдістері өзара үйлестірілді. Мұндай тәсіл зерттелетін құбылысты жан-жақты талдауға және алынған нәтижелердің сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында пайдаланылған деректер көздері төменде жүйелі түрде сипатталады. Сапалық зерттеудің эмпирикалық негізін 2025 жылғы мамыр айында жоғары оқу орындарының оқытушыларымен жүргізілген жартылай құрылымдалған сұхбаттар құрады. Сұхбаттардың негізгі мазмұны оқытушылардың цифрлық даярлық деңгейін, оның даму болашағын және ықтимал шектеулерін айқындауға бағытталды. Аталған деректер «Жаппай ашық онлайн-курстардың (ЖАОК) университеттің білім беру процесіне интеграциясын зерттеу» жобасы шеңберінде Д.Ж. Белхожаева, Қ. Тұрлыханқызы, А. Жомартқызы және А. Кесекпаеваның қатысуымен жинақталды. Сұхбатқа қатысушыларды іріктеу екі сатылы мақсатты таңдау үлгісіне негізделді. Бірінші кезеңде зерттеуге қатысатын жоғары оқу орындары анықталса, екінші кезеңде осы оқу орындарынан келесі критерийлерге сәйкес келетін оқытушылар таңдап алынды: 1) оқу жүктемесінің болуы; 2) жасының 63-тен аспауы. Жалпы алғанда, сұхбатқа 20 оқытушы қатысты, олардың ішінде әйелдер мен ер адамдардың арақатынасы тең болды. Ақпарат берушілердің орташа жасы – 47 жас. Сұхбаттар орта есеппен 30 минутқа созылып, жеке және ерікті форматта өткізілді. Барлық қатысушыларға дербес мәліметтердің құпия сақталатыны жөнінде кепілдік берілді. Сапалық талдаудың негізгі фокусы оқытушылардың ЖАОК және жалпы онлайн-курстарға қатысты көзқарастары мен тәжірибесін анықтауға бағытталды. Сұхбат материалдары мазмұндық талдау әдісі арқылы өңделді. Сандық деректер көзі ретінде оқытушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері пайдаланылды. Сауалнама 2025 жылғы маусым айында онлайн форматта өткізілді. Зерттеуге барлығы 30 оқытушы қатысып, олардың 62%-ын әйелдер құрады. Респонденттердің орташа жасы – 47 жас, ал педагогикалық еңбек өтілінің орташа ұзақтығы – 20 жыл. Сауалнамада профессор-оқытушылар құрамының ЖАОК-ты қолдану тәжірибесінің бар-жоғын анықтауға ерекше назар аударылды. Нәтижелерге сәйкес, респонденттердің 46%-ы ЖАОК-ты пайдалану тәжірибесінің бар екенін көрсетті. Сандық деректерді статистикалық өңдеу барысында сипаттамалық статистика әдістері қолданылды. Атап айтқанда, жиілік, пайыздық үлес, орташа мән және стандартты ауытқу көрсеткіштері есептелді. Сонымен қатар айнымалылар арасындағы байланыстарды анықтау үшін салыстырмалы талдау элементтері қолданылды. Статистикалық талдау SPSS бағдарламасының көмегімен жүзеге асырылды. Аталған бағдарламалық құрал сауалнама деректерін кодтау, жиілік кестелерін құрастыру, пайыздық көрсеткіштерді есептеу және нәтижелерді статистикалық тұрғыда өңдеу үшін пайдаланылды. Сонымен қатар деректерді бастапқы өңдеу және визуализациялау үшін Microsoft Excel бағдарламасы қолданылды. Осылайша, зерттеудің әдістемелік құрылымында сапалық және сандық деректер бірін-бірі толықтырып, ЖАОК-ты университеттің білім беру процесіне енгізуге қатысты оқытушылардың көзқарастары мен тәжірибесін кешенді түрде түсіндіруге мүмкіндік берді. Аралас тәсіл алынған нәтижелердің логикалық сабақтастығын камтамасыз етіп, зерттеу қорытындыларының дәйектілігін арттырды.

Нәтижелер мен талқылаулар

ЖАОК-тар қосымша білім арудың сұранысқа ие және кең таралған формасына айналғанымен, нәліктен бұл формат тек дәстүрлі күндізгі оқытуды ғана емес, сондай-ақ онлайн форматтағы құрылымдалған оқытуды да толыққанды алмастыра алмады деген мәселе өзекті болып қала береді. ЖАОК-тың оқыту форматы ретіндегі типтік артықшылықтары мен кемшіліктеріне шолуға арналған зерттеулерде ЖАОК құру және пайдалану тәжірибесі бар оқытушыларға оқу процесін әріптестеріне қарағанда жаңа мәжбүрлі форматқа ауыстыру оңайырақ болды деген қорытынды келтірілген [3]. Келесі авторлар пандемияның жаңалығы ретінде тақырып бойынша маңызды зерттеулердің жоқтығын құбылыс ретінде түсіндіреді және олқылықтың орнын толтыру үшін көптеген ұсыныстар береді [4]. Авторлар ЖАОК-тардың қашықтықтан оқыту форматына көшуге қосқан үлесін сирек зерттейді. Қазіргі қолданыстағы форматтағы негізгі мәселелер ретінде студенттердің жеке қатысуының жеткіліксіздігі мен оқу процесін ұйымдастырудағы қиындықтар атап өтіледі. Бұл проблемаларды ЖАОК құрылымына синхронды форматтағы вебинар-сабақтарды енгізу арқылы шешу ұсынылады. Сонымен қатар, оқытушылардың ЖАОК платформаларында жұмыс істеуге қажетті кәсіби құзыреттерінің жеткіліксіздігі мен платформалардың техникалық жетілмегендігі де негізгі кемшіліктер ретінде қарастырылады [5].

Жалпы ЖАОК-тар пайдаланушыларының өсуі жоғары оқу орындарының пәндеріне қатысты онлайн-курстарды іздеуде көбінесе студенттер емес, өзін-өзі дамыту мақсатындағы курстарға қызығушылық танытатын, жоғары оқу орындарымен тікелей байланысы жоқ тұлғалардың белсенділігімен түсіндірілуі мүмкін екенін көрсетеді. Алайда, университеттердің карантин кезеңіндегі қызметіне арналған талдамалық баяндамада ЖАОК аббревиатурасы мүлде кездеспейді. Онда онлайн-курстар тек бір университеттің студенттері үшін екінші университеттің онлайн-курстарын оқу нәтижелерін өз оқу бағдарламасына қайта есептеу мүмкіндігін нормативтік тұрғыдан қамтамасыз ету қажеттілігі тұрғысынан қарастырылады [6].

ЖАОК-тарды құрудың негізгі мотивтері ұйымның сыртқы ақпараттық ортада көрінуін арттыру және кең аудиторияға сапалы білім беру болды. Соңғы кезеңдегі шетелдік ЖАОК-тар мақсатты аудиториясын айқындаудағы үрдістердің бірі оларды босқындар қауымына бағыттау болып табылады, себебі бұл топ үшін орналасқан елінде баламалы білім беру мүмкіндіктері жиі шектеулі [4]. Сонымен қатар, ЖАОК-та институционалдық мүмкіндіктерді танып, оларды тиімді пайдалануға ұмтылған жоғары оқу орындары бұл курстарды жалпы және қосымша білім беру бағдарламаларына енгізе отырып, білім беру үдерісінің ажырамас бөлігіне айналдырды [7].

Осылайша, ЖАОК-пен байланысты ашықтық қағидаты қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінің тұрақты элементі ретінде қалыптасуда, демек білім беру үдерісіне ЖАОК енгізу перспективаларын талдай отырып, бірқатар маңызды мәселелерді атап өткен жөн. Ең алдымен, жоғары білім беру жүйесіне тиімді интеграциялануға мүмкіндік беретін сапалы онлайн курстарды әзірлеу едәуір қаржылық шығындарды талап етеді. Сонымен қатар, тікелей тұлғааралық өзара әрекеттестіктің болмауы әлеуметтік оқшауланудың жаңа түрлерінің туындауына алып келуі ықтимал. Бұған қоса, онлайн білім беру, жалпы цифрландырылған қызметтер сияқты, кең ауқымды халық үшін негізгі білім алу форматына айналуы мүмкін. Алайда бұл ретте цифрлық теңсіздік мәселесі өзекті болуда: көпшіліктің интернетке қосылған құрылғыларға қол жеткізуі мүмкін болғанымен, білікті оқытушылармен қамтамасыз етілген сапалы оқу бағдарламаларын пайдалану әлі де көпшілік үшін қаржылық тұрғыдан қолжетімсіз күйде қалып отыр.

Екіншіден, ЖАОК-тың негізгі пайдаланушысы ретінде, әдетте, жоғары білімі бар және өзіндік білім алуға мотивацияланған тұлғалар танылады. Ал университет студенттері, керісінше, қажетті өзін-өзі оқыту дағдыларына жиі ие бола бермейді [8]. Бұл жағдай қашықтықтан оқыту барысында студенттерге қолдау көрсету жүйесін ұйымдастырудың маңыздылығын арттырады. Мұндай қолдау, атап айтқанда, оқытушылардың қатысуымен өтетін синхронды онлайн іс-

шаралар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Алайда, ЖАОК мазмұны жеткілікті дәрежеде жетілмеген жағдайда, ол оқу сапасына кепілдік бере алмайды. Себебі бұл курстарда білімді бағалау көбінесе автоматтандырылған тестілеу формасына негізделген, ал бұл тәсіл студенттердің оқу нәтижелерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік бермейді.

ЖАОК-тарды оқу үдерісіне енгізу күндізгі бөлімде жұмыс істейтін оқытушылар үшін оқу жүктемесінің сақталуына қатысты белгілі бір тәуекелдер тудыруы мүмкін. Қазіргі заманғы университеттер үшін ЖАОК қолданудың тиімділігі негізінен аудиториялық шығындарды қысқарту, тұрақты оқытушылық жүктемені сақтау және офлайн оқу үдерісін әкімшілік тұрғыдан қамтамасыз ету арқылы ресурстарды оңтайландыру мүмкіндігімен түсіндіріледі. Дегенмен, онлайн оқыту форматын дамыту мен оның техникалық қолдауын қамтамасыз ету елеулі қаржылық шығындарды қажет етеді. Сонымен қатар, оқытушылар тарапынан жүктемені қысқарту қаупіне байланысты алаңдаушылық орын алуы мүмкін. Бұл жағдайда олар ЖАОК-ты өз пәніне интеграциялауға байланысты шешім қабылдауда сақтық танытып, тиісті оқу құралдарын іріктеуде сарапшы ретінде осы форматты саналы түрде пайдаланбауы ықтимал. ЖАОК-тарды пайдалану, қашықтан оқытудың өзге форматтарымен салыстырғанда, оқытушылардың оқу жүктемесіне қатысты белгілі бір қауіп төндіреді. Қазіргі заманғы университеттер үшін тиімділікке қол жеткізудің негізгі тәсілі – өндірістік күштерді дәстүрлі аудиториялық сабақтарға емес, шығындарды қысқарту мақсатында офлайн оқу үдерісін қамтамасыз ететін тұрақты штаттық оқытушылар құрамын оңтайландыруға бағыттау болып табылады.

Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес [9], жоғары білім беру жүйесін цифрландыру онлайн және аралас (гибридті) оқыту формаларын кеңінен қолданумен қатар жүргізіледі. Гибридті тәсіл синхронды және асинхронды оқыту форматтарын үйлестіре отырып білім берудің инклюзивтілігі мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Онлайн оқытуды дамыту айтарлықтай қаржылық салымдар мен технологиялық қолдауды қажет етеді, алайда бұл шығындар оқытушылардың оқу жүктемесін оңтайландыру және азайту арқылы өз тиімділігін ақтай алады. Дегенмен, ЖАОК-тарды оқу пәндеріне енгізу оқытушылар жүктемесінің қысқаруына, тиісінше жұмыс орнының қысқару қаупіне әкелуі мүмкін. Осы себепті кейбір оқытушылар бұл форматты оқу үдерісіне саналы түрде енгізуге мүдделі болмауы ықтимал.

Ал мәселенің екінші қыры ЖАОК-пен жұмыс істеуге деген ықыластың жоқтығында емес, оқытушылардың цифрлық құзыреттерінің жеткіліксіздігінен туындайды. Себебі, 2020 жылдың көктемінде басталған пандемия қашықтан өзара әрекеттесу жағдайында оқу үдерісін ұйымдастыру барысында профессор-оқытушылар құрамының цифрлық-техникалық дайындығының жеткіліксіз екенін айқын көрсетті. Әрине, оқыту үдерісінде ЖАОК-тарды қолдануға байланысты қалыптасқан тұрақты дағдылар онлайн-компоненттің үлесі артқан жағдайда өзектілігін жоғалтуы немесе күнсыздануы мүмкін. Осы тұста, «болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн-курстары арқылы қалыптастыруды ұсынып отырған ЖАОК курсының мазмұны мен белсенді цифрлық, желілік, виртуалды, электронды, интерактивті оқыту әдістер, формалар мен құралдарды интербелсенді технологияларды қолдану негізінде жүзеге асырған дұрыс», – деген отандық ғалым Е. Елубайдың пікірі орынды [10]

Мәселенің үшінші аспектісі ретінде жоғары білім саласындағы тағы бір мүдделі тарап университет әкімшілігінің алдында білім беру ұйымдары арасындағы бәсекелестіктің күшеюі, бақылаушы органдардың аудитінен өту қажеттілігі және оқу ақысының қалыптасу мәселелері қарастырылады. Жалпы алғанда, ЖАОК-тарды қолдану жоғары білім беру саласындағы мүдделі тараптарды біріктіруімен қатар, бұл курстарды әзірлеген жоғары оқу орындары өз өнімдерін тегін қолжетімділікке шығарып, оларды қашықтықтан пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етті. Алайда, жоғары оқу орындары арасындағы бәсекелестік әлі де тұрақты және шиеленісті сипатқа ие болып отыр. Егер жоғары оқу орындары арасындағы бәсекелестік білім беру жүйесінің табиғи құрамдас бөлігі болып табылса, онлайн-

платформалар арқылы өзара әрекеттесу үдерісі көбіне нарық заңдылықтарына негізделіп жүзеге асады. Бастапқы кезеңде ЖАОК-платформаларын пайдаланушылар оларды тегін қолдану мүмкіндігіне ие болғанымен, кейінгі уақытта бұл платформалардың коммерциялану үрдісінің қарқындай түскені байқалады.

Өйткені, қазіргі таңда жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК) платформалары онлайн ортада білім беру бағдарламаларын іске асыруға бағытталған кең ауқымды қызметтерді ұсынады. Атап айтқанда, ЖАОК орындалған тапсырмаларды бағалау және түзету, жедел кері байланыс орнату, студенттердің өзіндік жұмысының тиімділігін арттыру, жеке оқу траекториясын қалыптастыру, сондай-ақ тәжірибе алмасу мен бірлесіп оқыту мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Бұл артықшылықтар студенттердің білім алу мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтуге ықпал етеді [11]. Сонымен қатар, ЖАОК платформалары білім беру алаңын ұсыну, техникалық қолдау көрсету, онлайн бағдарламаларды ілгерілету, білім алушыларды тарту және оқу курстарын әзірлеу сияқты қызметтерді қамтиды. Аталған бағыттардың басым бөлігі жоғары оқу орындарының жауапкершілік саласына жатады. Осы тұрғыдан алғанда, ЖАОК платформаларын қолдану, әсіресе оқу жүктемесін оңтайландыру және білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында, орынды әрі нәтижелі шешім ретінде қарастырылады.

Отандық ғалымдардың зерттеулерінде де ЖАОК-тың бірқатар маңызды артықшылықтары айқындалған. Зерттеушілердің пікірінше, ЖАОК студенттерге білім алудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынып, онлайн білім берудегі инновациялық шешім ретінде сипатталады [11]. Оның негізгі мақсаты білім алушыларға оқу мен кәсіби дамуға кең мүмкіндік беру, жеке оқу бағдарламаларын қалыптастыру және өзара оқыту арқылы ғылыми ақпарат алмасуды жетілдіру болып табылады [12]. Сонымен бірге, ЖАОК қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру барысында студенттердің оқу материалдарына еркін әрі тікелей қол жеткізуін қамтамасыз етіп [13], оқу қарқынын дербес реттеуге мүмкіндік береді [14]. Бұл өз кезегінде білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеруге жағдай жасайды. Осылайша, ЖАОК дәстүрлі оқыту формаларын цифрлық білім беру құралдарымен ұштастыратын, білім беру үдерісін жаңғыртуға бағытталған тиімді технологиялық платформа ретінде қарастырылады [15].

Қазіргі уақытта Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ЖАОК-платформаларымен жүйелі түрде жұмыс істемеген және оларды онлайн-курстардың интеграторы ретінде қолданбаған оқу орны ретінде, біртіндеп бұл бағыттағы тәжірибені енгізу үдерісін бастады, психологиялық-педагогикалық цикл пәндері бойынша 120 онлайн-курсты іске асырады [16]. Дегенмен, ПОК-тың онлайн-курстарды оқу үдерісінде қолдану туралы ақпараттылық деңгейінің төмен болуы осы зерттеуді жүргізудің алғышарты ретінде қарастырылады. Осыған орай, университетте кейбір пәндерді оқыту барысында ЖАОК-тарды ішінара пайдалану, атап айтқанда дәріс материалдарын онлайн форматта ұсыну талап етілуде. Осыған байланысты ЖАОК-тарды университеттің оқу жоспарларына енгізудің әлеуеті мен оған қатысты тәуекелдерді бағалау өзекті болып табылады. Атап айтқанда, ЖАОК-тардың дәстүрлі оқу курстарын алмастыруға сәйкестігін; оқытушылардың бұл курстарды оқу үдерісіне интеграциялау бойынша кәсіби құзыреттілігін; сондай-ақ әкімшілік тұрғыдан енгізуге байланысты ықтимал тәуекелдерді анықтау қажет. Бұл зерттеудің негізін қалауға төмендегідей зерттеу сұрақтарын қалыптастыруға мүмкіндік берді:

1. ЖАОК платформаларындағы қазіргі жағдай қандай және студенттер санының өсу үрдісі байқала ма?
2. Оқытушылар ЖАОК-тарды оқу үдерісіне қаншалықты деңгейде енгізіп жатыр?
3. Профессор-оқытушылар құрамы ЖАОК-тарды оқу үдерісіне енгізуге байланысты қандай мүмкіндіктер мен тәуекелдерді атап өтеді?

Аталған зерттеу сұрақтарына жауап іздеу барысында әртүрлі дереккөздерге сүйеніп талдау жүргізіледі, оның ішінде ЖАОК платформаларға қатысты статистикалық мәліметтер, сауалнама нәтижелері мен сұхбат материалдары пайдаланылады. Мысалы, онлайн білім беруге деген қызығушылық айтарлықтай артты, соның ішінде Coursera платформасы рекордтық

өсімді көрсетті [17]. Қазақстанда бұл үрдістің нақты көрінісі ретінде 2020 жылы Satbayev University тарапынан әзірленген онлайн-курстар мысал бола алады, бұл көрсеткіш университетті ЖАОК әзірлеу бойынша отандық ЖОО-лар арасында көшбасшы деңгейіне шығарды. Қазіргі уақытта PolytechOnline платформасы мазмұнының жан-жақтылығы мен көлемі жағынан Қазақстандағы жоғары білім беру ұйымдары арасындағы ең бай білім беру платформасына айналды [18]. Ал, 2012 жылдан бастап АҚШ-та ЖАОК-тың тиімділігін анықтауға бағытталған зерттеулер жүргізіле бастады [19]. Алайда, өкінішке орай, еліміздегі университеттерде қолданылып жүрген ЖАОК-тың тиімділігіне қатысты зерттеулер іс жүзінде жүргізілмеген деуге болады. Еліміздегі жағдайға қатысты зерттеуге қатысушылардың көпшілігі ЖАОК-тың өз университеттерде енгізілуі көбінесе формальды сипатқа ие екенін атап өтті. Олардың айтуынша, оқу орындарында онлайн-курстардың белгілі бір пулі жасалғанымен, бұл курстар іс жүзінде пайдаланылмайды немесе олардың қолданылуы оқу жоспарларына міндетті түрде енгізілуі қажеттілігіне айналып отыр.

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, жоғары білімді ЖАОК форматына көшіру университеттердің ұйымдастырушылық тұрғыдан әлсіреуіне әкелуі мүмкін деген алаңдаушылық бар. Олар оқу орындарының онлайн білім беру мен студенттер арасындағы виртуалды делдалдарға айналып, соның салдарынан ғылыми және оқытушылық әлеуетті шоғырландыру мүмкіндігінен айырылуы ықтимал деп есептейді. Бұл ретте алынған деректер авторларға оқытушылардың онлайн-курстарды оқу үдерісінде пайдалану тәжірибесі мен олардың ерекше мәртебеге ие ЖОО-да жұмыс істеу фактісі арасында айқын байланыс бар екенін растауға мүмкіндік бермейді. Сауалнама нәтижелері ерекше мәртебесі бар университеттерде жұмыс істейтін оқытушылардың ЖАОК-тарды басқа ЖОО-дағы әріптестерімен салыстырғанда дәл сол деңгейде және жиілікпен пайдаланатынын көрсетеді. Демек, Кесте 1-де сауалнамаға қатысушылардың негізгі сипаттамалары көрсетілген.

Кесте 1 – Қатысушылардың негізгі сипаттамалары

Көрсеткіштер	Мәні
Қатысқан оқытушылар саны	30
Әйелдер пайызы	62%
Ер адамдар пайызы	38%
Орташа жас	47
Орташа педагогикалық өтілі	20

Ескерту: Пайыздар жалпы іріктемеге қатысты есептелді.


Жүргізілген сауалнама нәтижесінде оқытушылардың жаппай ашық онлайн-курстарды (ЖАОК) оқу үдерісінде пайдалану тәжірибесін кесте 2-де көрсетіледі.

Кесте 2 – Оқытушылардың жаппай ашық онлайн-курстарды (ЖАОК) оқу үдерісінде пайдалану тәжірибесі

Санат	Саны	Пайызы (%)
Жаппай ашық онлайн-курстарды (ЖАОК) оқу үдерісінде қолданады	14	46%
Жаппай ашық онлайн-курстарды (ЖАОК) оқу үдерісінде қолданбайды	16	54%

Ескерту: Кесте авторлық зерттеу нәтижелері бойынша алынды.

Жалпы сауалнама нәтижесіндегі оқытушылардың жаппай ашық онлайн-курстарды (ЖАОК) оқу үдерісінде пайдалану тәжірибесіне қатысты деректерді оқытушылар саны мен пайызымен салыстыру арқылы пайыздық қатынасын көрсетілді (1 Сурет)



Сурет 1 – ЖАОК-ты қолдану тәжірибесінің % өлшемі

Зерттеу барысында жоғары оқу орындары әкімшіліктері ЖАОК-тарды енгізу үдерісінде оқытушыларды сарапшы ретінде қарастырмайтыны, яғни олардан кеңес сұралмайтыны және ПОҚ-тың нақты қажеттіліктері мен сұраныстарына бағдарланбайтыны атап өтілді. Сонымен қатар, онлайн-курстарды енгізу көбінесе әкімшілік шешімдер арқылы жүзеге асырылады. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, әкімшілік тарап оқытушылармен өзара түсіністікке келуге үміт артпайды және оларды онлайн-курстарды енгізу кезінде қойылған факт ретінде қабылдауға мәжбүр етеді. Бұл тұрғыда ЖАОК-тың әкімшілік тәсілдермен енгізілуі жоғары білім беру саласындағы кең таралған жүйелік мәселелердің көрінісі ретінде сипатталады. Мұндай енгізу көбіне формалды, жасанды сипатқа ие болып, негізінен әкімшілік қысым арқылы жүзеге асырылатыны жөнінде сауалнамада пікірлер кездеседі. Осылайша, университеттерде ЖАОК-тарды белсенді енгізу (ілгерілету) бірқатар жаңа мәселелерді туындатуда. Бұл мәселелер, респонденттердің пікірінше, әкімшілік-басқару құрылымының біржақты талап қоюы, тиімділіктің төмендігі, жасанды көрсеткіштерге ұмтылу сияқты факторлармен байланысты. Сонымен қатар, бұл үдеріс университет оқытушылары тарапынан жасырын қарсылықпен қатар жүруде, ол, өз кезегінде, академиялық қауымдастық пен университет әкімшілігі арасында ашық және конструктивті диалогтың жоқтығынан туындайды.

Сауалнама нәтижелері ЖАОК-тың оқу үдерісіне тиімді енгізілуі негізінен «төменнен жоғары» қағидаты бойынша, яғни оқытушының өз курсына дербес жобалауы арқылы жүзеге асқан жағдайда оң нәтиже беретінін көрсетеді. Мұндай тәсілде қысым емес, ынталандыру басым болады, ал онлайн-курстарды қолдану оқытушылар мен студенттер үшін шынайы педагогикалық көмек құралына айналар еді, – деген қорытынды жасайды.

Зерттеу нәтижелері бойынша сұхбатқа қатысқан оқытушылардың арасында онлайн-курстарды жаппай оқу үдерісіне енгізуге қатысты алаңдаушылық байқалды. Олардың пікірінше, алдын ала жазылған ЖАОК-тарға дәрістерді көшу оқытушының кәсіби құндылығына қауіп төндіреді, себебі бұл жағдайда оқытушының рөлі тек онлайн-курс материалдары негізінде орындалған студенттік жұмыстарды тексерумен шектеліп, көмекші деңгейіне дейін төмендеуі мүмкін. Оқыту үдерісін цифрландыру барысында кәсіби мәртебеден айырылу қорқынышы оқытушылар арасында кеңінен таралған. Бұл алаңдаушылықты сұхбат алушылардың бірі келесідей сипаттайды: «Менің ойымша, егер университеттегі оқу үдерісі толықтай ЖАОК-тарға көшсе, бұл білім сапасының төмендеуіне әкеледі. Себебі дәріс бұл оны оқитын адамның көзқарасы, ойы мен идеялары. Егер дәріс оқытушыны онлайн-курсмен алмастыру арқылы ұсынылса, білім алушылардың интеллектуалдық дамуы тежеліп, керісінше, деграция жүреді».

Кесте 3-те оқу үрдісіне жаппай ашық онлайн-курстарды (ЖАОК) интеграциялауға көзқарастары көзделген.

Кесте 3 – Оқу үрдісіне жаппай ашық онлайн-курстарды (ЖАОК) интеграциялауға көзқарастары

Көрсеткіштер	Орташа мән	Стандарттық ауытқу
ЖАОК-ты толық қолдау	2.6	1.1
Әкімшілік енгізуге қарсылық	4.1	0.9
Аралас форматты қолдау	3.2	1.2
Педагогикалық көмек құралы	4.4	0.6

Сонымен ЖАОК-ты педагогикалық көмек құралы ретінде қолдану көрсеткіші жоғары қолдау тапты (M-4.4, SD-0.6), бұл респонденттердің басым бөлігінің оң көзқарасын білдіреді.

Сонымен қатар, сапалық сұхбаттардың нәтижелері сандық талдау қорытындыларын растайды. Талдау нәтижелері бойынша толық онлайн-курстарды оқу үрдісіне енгізу қолдау таппайды. Бұл нәтижелерді Кесте 4-те көруге болады.

Кесте 4 – Оқушылардың жаппай ашық онлайн-курстарды (ЖАОК) оқу үрдісіне енгізудегі пікірлері

Көрсеткіштер	Пайызы (%)
Әкімшілік қысым бар	70%
Кәсіби мәртебеге қауіп төнеді	65%
ЖАОК тек қосымша құрал	80%

Зерттеу деректеріне сәйкес, онлайн-курстарды енгізу оқытушылардың жүктемесін азайтпайды, керісінше, олардың жұмыс көлемін арттырады деген пікір қалыптасқан. Сонымен қатар, бұл үдеріс нақты оқу жүктемесінің қысқаруына байланысты штат бірліктерінің азаюына, оқытушылардың жартылай немесе сағаттық жұмыс режиміне көшуіне әкеліп соғатыны атап өтіледі. Осыған байланысты, респонденттер ЖАОК-ты жоғары білім беру жүйесіне одан әрі енгізу барысында оқытушының кәсіби мәртебесі мен еңбек жағдайларын ескеріп, оны тиісті түрде ұйымдастыру қажеттігін алға тартады. Және де зерттеуге қатысушылардың айтарлықтай бөлігі педагогикалық қызметінде онлайн-курстарды қолданбайтыны немесе онлайн-курстарды өздерінің оқыту қызметінде пайдаланудан бас тартатындардың үлесінің жоғары екені анықталды. Атап айтқанда, ЖАОК-ты пайдаланбайтын профессор-оқытушылар қатарында ұзақ еңбек өтілі бар, жасы үлкен және жоғары ғылыми дәрежеге ие мамандардың үлесі жоғары екені байқалды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің басым көпшілігі әрбір мамандықтың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты онлайн-курстардың білім беру процесінде тиімді қолданылу мүмкіндігін шектейді деп санайды. Олардың пікірі бойынша, онлайн-курстар білім беруде қосымша құрал ретінде қызмет ете алады, дегенмен білім мен кәсіби дағдыларды жеткізудің негізгі әдіснамасы ретінде қарастыруға болмайды. Сондай-ақ ЖАОК тиімділігінің салалық дифференциациясын айқын көрсетеді. Талдау деректері ЖАОК-тардың әлеуметтік-гуманитарлық пәндер саласында жоғары тиімділік көрсететінін, ал жаратылыстану ғылымдары мен инженерлік мамандықтарда қолданыс мүмкіндіктері айтарлықтай шектеулі екенін анықтады. Бұл тенденцияны инженерлік-техникалық білім беру саласының өкілдерінің пікірлері растайды. Олардың айтуынша: «Гуманитарлық пәндер үшін ЖАОК-ты қолдану ешқандай қиындық туғызбайды. Керісінше, бұл жағдайда онлайн-курстар оқытудың оптималды әдісі болып табылады».

Сонымен, ЖАОК-тарды қолданудың негізгі кедергілерінің бірі ретінде оқытушы мен студенттер арасындағы тікелей және интерактивті өзара әрекеттесу мүмкіндігінің шектеулілігі сипатталды. Респонденттердің басым бөлігі тіпті жоғары сапалы алдын ала

жазылған дәрістердің де дәстүрлі сабақ беру процесін толықтай алмастыра алмайтынын атап көрсеткен. Бұл жағдай сабақтың динамикасын, құрылымын және мазмұнын оқу қажеттіліктеріне қарай икемді түрде реттеу мүмкіндігінің болмауымен байланыстырылады.

ЖАОК-тарды қолданатын оқытушылар сабақ барысында студенттердің білімін бағалаудың кең спектрлі әдістерін жиі қолданады. Олардың арасында: практикалық тапсырмаларды орындау (есептер шығару, эссе жазу), стандартты тестілеу, жеке және топтық жобалық жұмыстар, презентациялар дайындау, сауалнамалық зерттеулер жүргізу. Демек, ЖАОК-тар осы жағдайда білім сапасын бақылаудың қосымша механизмі ретінде қызмет етеді, оқыту процесін дифференциалдауға мүмкіндік береді және оқытушылардың педагогикалық әдіснамасын мазмұндық жағынан толықтырады.

Қорыта келе, ЖОО-ның оқытушылары цифрлық дәуірдің оқу форматы ретінде ЖАОК-қа қатысты көп сын-пікірлер білдіргенімен, бұл құбылыс тек теріс бағалаумен шектелмейді, яғни ЖАОК-ты қолдануда оқытушылар арасында айтарлықтай екіжақты көзқарастардың бар екенін көрсетеді. Дегенмен, сауалнама деректері ЖАОК-тың білім беру процесіне интеграциясын қолдайтын бірқатар маңызды аргументтерді анықтады. Атап айтқанда, респонденттер ЖАОК-тың келесі артықшылықтарын атап өтті: тар тақырыптарды қамтуы; нақты білім беру мақсаттарына бағытталғандығы; қысқа мерзімді оқыту модульдерін ұсынуы (2 сурет).



Сурет 2 – Оқытушылар пікірінше ЖАОК қолданудың артықшылықтары

Сонымен, сауалнама нәтижелері бойынша оқытушылар ЖАОК қолданудың бірнеше маңызды артықшылықтарын атап өтті. Респонденттердің басым бөлігі ЖАОК-тың тар тақырыптарды қамту мүмкіндігін негізгі артықшылық ретінде көрсеткен. Сонымен қатар, келесі қатысушылар ЖАОК-тың нақты білім беру мақсаттарына бағытталғанын маңызды фактор ретінде бағалаған. Ал респондент қысқа мерзімді оқыту модульдерінің қолжетімділігі мен икемділігін атап өткен. Бұл нәтижелер ЖАОК-тың белгілі бір кәсіби білім беру қажеттіліктерін тиімді шешуге мүмкіндік беретін құрал екенін көрсетеді.

Қорытынды

Аталған зерттеу жоғары оқу орындарында ЖАОК-ты қолданудың мүмкіндіктері мен шектеулерін талдауға бағытталды. Эмпирикалық деректер ЖАОК-ты нақты пайдаланатын оқытушылардың үлесі әлі де төмен екенін және оны отандық университеттерде кеңінен енгізу перспективаларына қатысты көзқарастардың біркелкі еместігін көрсетті. Зерттеу нәтижелері ЖАОК-тың оқытушылар үшін қосымша педагогикалық қолдау құралы ретінде белгілі бір әлеуетке ие болғанымен, студенттермен тікелей өзара әрекеттесуді толық алмастыра алмайтынын айқындады. Сонымен қатар, ЖАОК-ты құрылымдық және ұйымдастырушылық өзгерістерсіз енгізу оқытушылар тарапынан сын көзқарастың

қалыптасуына және оны қабылдамауға алып келетіні байқалды. Практикалық тәжірибе ЖАОК-ты бұқаралық жоғары білімнің әмбебап цифрлық баламасы ретінде қарастыруға қатысты үміттердің шектеулі түрде жүзеге асқанын көрсетті. Алдын ала жазылған курстармен салыстырғанда, оқытушылар мен студенттердің синхронды өзара әрекеттесуіне негізделген «тірі» онлайн-оқыту форматының тиімдірек екені анықталды. Сонымен қатар, оқытушылардың цифрлық сауаттылық деңгейінің жеткіліксіздігі ЖАОК-ты тиімді пайдалануды шектейтін маңызды фактор ретінде белгіленді.

Осыған орай, ЖОО-да онлайн-курстарды енгізудің төмендегідей институционалдық тетіктері ұсынылды:

- ЖАОК-ты институционалдық деңгейде реттеу. Жоғары оқу орындарында ЖАОК-ты білім беру процесіне енгізу білім беру бағдарламаларына сәйкестендіріліп, олардың оқу жоспарындағы орны, кредиттік эквиваленті және бағалау тетіктері нақты айқындалуы тиіс. Бұл ЖАОК-ты формалды емес қосымша ресурс ретінде емес, оқу процесінің құрылымдық бөлігі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

- Оқытушылардың цифрлық құзыреттілігін жүйелі түрде дамыту. ЖАОК-ты тиімді қолдану үшін оқытушыларға арналған мақсатты біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу қажет. Аталған бағдарламалар тек техникалық дағдыларды емес, сонымен қатар онлайн-педагогика, цифрлық дидактика және аралас оқыту модельдерін қолдану әдістемесін қамтуы тиіс.

- Аралас форматтарға басымдық беру. Алдын ала жазылған курстармен шектелмей, оқытушы мен студенттің синхронды өзара әрекеттесуіне негізделген онлайн-сабақтарды аралас оқыту моделінің құрамдас бөлігі ретінде кеңінен қолдану ұсынылады. Бұл формат студенттердің оқу мотивациясын арттырып, кері байланыстың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

- ЖАОК-ты енгізуде ынталандыру тетіктерін күшейту. Университеттерде ЖАОК әзірлеу және пайдалану процесін әкімшілік және әдістемелік тұрғыда қолдайтын арнайы құрылымдар (орталықтар, жұмыс топтары) құру арқылы ЖАОК-пен жұмыс істейтін оқытушыларды еңбек жүктемесін есепке алу, академиялық және кәсіби ынталандыру шаралары арқылы қолдау маңызды.

Сонымен қатар, болашақ зерттеулерде ЖАОК-ты оқу үдерісіне интеграциялау барысында туындайтын қиындықтардың студенттердің құзыреттілік деңгейімен байланысын сапалық әдістер арқылы зерттеу, сондай-ақ онлайн-компоненттің ЖОО-да қолданылуына байланысты ЖАОК-ты пайдалану тетіктері мен тиімді модельдерін кешенді талдау жоғары білімнің цифрлық трансформациясын ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Абай атындағы ҚазҰПУ есебінен 2025 жылғы 3 сәуірдегі № 05-04/250 бұйрыққа сәйкес университеттік грант жобасы аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2400000611> (жүгінген күн: 18.06.2025).

2 Harsha R., Bai T. Covid-19 lockdown-challenges to higher education // Cape Comorin. – 2020. – Т. 2. – № 4. – P. 26–28.

3 Utunen H., Ndiaye N., Piroux C., George R., Attias M., Gamhewage G. Global reach of an online COVID-19 course in multiple languages on OpenWHO in the first quarter of 2020: analysis of platform use data // Journal of Medical Internet Research. – 2020. – Vol. 22(4). – e19076.

4 AlQaidoom H., Shah A. The role of MOOC in higher education during Coronavirus pandemic: A systematic review // International Journal of English and Education. – 2020. – Vol. 9(4). – P. 141–151.

5 Mukherjee M. Can a Better Higher Education System Emerge Out of the Coronavirus Crisis? // HESB Higher Education in Southeast Asia and Beyond. – 2020. – No. 8. – P. 35–37.

6 Seale A.C., Ibeto M., Gallo J., de Waroux O.L.P., Glynn J.R., Fogarty J. Learning from each other in the COVID-19 pandemic // Wellcome Open Research. – 2021. – Vol. 5. – P. 105.

- 7 Sharrock G. Making sense of the MOOCs debate // *Journal of Higher Education Policy and Management*. – 2015. – Vol. 37(5). – P. 597–609.
- 8 Vilkoval K., Shcheglova I. Deconstructing self-regulated learning in MOOCs: In search of help-seeking mechanisms // *Education and Information Technologies*. – 2021. – Vol. 26(1). – P. 17–33.
- 9 Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (жүгінген күн: 18.06.2025).
- 10 Елубай Е. Жаппай ашық онлайн-курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2023. – 162 б. URL: <https://www.kaznpu.kz/docs/docs/yelubay.pdf> (жүгінген күн: 18.06.2025).
- 11 Докучаева Н.В., Иванова С.А., Тлеумбетова Д.Б. Үздіксіз білім беру контексіндегі жаппай ашық онлайн курстар мәселесі // *Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы*. – 2025. – № 30.1(117). – Б. 116–123. DOI: <https://doi.org/10.31489/2025ped1/116-123>.
- 12 Шұрымбай Д.А., Адылбекова Э.Т., Абдиманапова Г.М., Балғанова М.С. Жаппай ашық онлайн курс құру негізінде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің қалыптастыру // *Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық сериясы*. – 2024. – № 1. – Б. 31–45.
- 13 Оспанова Н., Аканова А., Байжуманов С., Куанышева Р., Каирбаева А. Проблемы построения модели платформы для реализации массовых открытых онлайн-курсов // *Вестник КазАТК*. – 2025. – Т. 137. – № 2. – С. 209–220. DOI: <https://doi.org/10.52167/1609-1817-2025-137-2-209-220>.
- 14 Yergaliyeva A.B., Shayakhmetova D.B. Восприятие студентами и преподавателями использования MOOC при обучении профессионального английского языка // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки*. – 2022. – № 2(74). – С. 88–95. DOI: <https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5496.10>.
- 15 Рысбекқызы Н., Исмаилова Н., Акижанова Д., Аширкулов К. Сравнительный анализ платформ массового открытого онлайн курса (MOOC) в преподавании английского языка // *Eurasian Journal of Philology. Science and Education*. – 2025. – № 197(1). – P. 192–201. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh2025197118>.
- 16 «ABAI UNIVERSITY» 2022–2025 жж. арналған даму стратегиясы [Электрондық ресурс]. URL: https://kaznpu.kz/docs/docs/damu_strategia_kaz.pdf (жүгінген күн: 25.06.2025).
- 17 Образовательная платформа Coursera [Электронный ресурс]. URL: <https://inis.mephi.ru/coursera.htm> (жүгінген күн: 28.06.2025).
- 18 Satbayev University стал лидером среди вузов по разработке собственных онлайн-курсов [Электронный ресурс]. URL: <https://bilimdinews.kz/?p=138451> (жүгінген күн: 28.06.2025).
- 19 Lane L.M. Three Kinds of MOOCs [Blog post]. Lisa’s (Online) Teaching Blog. August 15, 2012. URL: <http://lisa-history.net/wordpress/2012/08> (жүгінген күн: 28.06.2025).

REFERENCES:

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ 2029 jylğa deingi Ұltyq damu josparyn bekıtu және Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ kebir jarlyqtarynyñ küsi joiyldy dep tanu turaly: Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2024 jylgy 30 şildedegi № 611 Jarlygy [On approval of the National Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2029]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2400000611> (accessed: 18.06.2025). (in Kazakh)
- 2 Harsha R., Bai T. (2020). Covid-19 lockdown-challenges to higher education. *Cape Comorin*, vol. 2, no. 4, pp. 26–28.
- 3 Utunen H., Ndiaye N., Piroux C., George R., Attias M., Gamhewage G. (2020). Global reach of an online COVID-19 course in multiple languages on OpenWHO in the first quarter of 2020. *Journal of Medical Internet Research*, vol. 22(4), e19076.
- 4 AlQaidoom H., Shah A. (2020). The role of MOOC in higher education during Coronavirus pandemic: A systematic review. *International Journal of English and Education*, vol. 9(4), pp. 141–151.
- 5 Mukherjee M. (2020). Can a Better Higher Education System Emerge Out of the Coronavirus Crisis? *Higher Education in Southeast Asia and Beyond*, no. 8, pp. 35–37.
- 6 Seale A.C., Ibetto M., Gallo J., de Waroux O.L.P., Glynn J.R., Fogarty J. (2021). Learning from each other in the COVID-19 pandemic. *Wellcome Open Research*, vol. 5, p. 105.
- 7 Sharrock G. (2015). Making sense of the MOOCs debate. *Journal of Higher Education Policy and Management*, vol. 37(5), pp. 597–609.
- 8 Vilkoval K., Shcheglova I. (2021). Deconstructing self-regulated learning in MOOCs. *Education and Information Technologies*, vol. 26(1), pp. 17–33.
- 9 Qazaqstan Respublikasynda joғary bilimdi және ғылымды damytudyñ 2023–2029 jylдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Qazaqstan Respublikasy Үкіметінің 2023 jylgy 28 наурыздағы № 248 қаулысы [Concept for the development of higher education and science in Kazakhstan for 2023–2029]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (accessed: 18.06.2025). (in Kazakh)
- 10 Elubai E. (2023). Jappai aşyq onlain-kurstary arqyly bolaşaq pedagogtyñ sifirlyq qūzyrettiligin qalyptastyru: filosofia doktory (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дисертация [Formation of digital competence of future teachers through MOOCs]. *Almaty*, 162 p. (in Kazakh)

11 Dokuchaeva N.V., Ivanova S.A., Tleumbetova D.B. (2025). Üzdiksiz bilim beru konteksindegi jappai aşyq onlain kurstar мәselesi [MOOC issues in the context of lifelong learning]. Karaganda University Bulletin. Pedagogy Series, no. 30.1(117), pp. 116–123. DOI: <https://doi.org/10.31489/2025ped1/116-123> (in Kazakh)

12 Şrymbai D.A., Adylbekova E.T., Abdimanapova G.M., Balғанova M.S. (2024). Jappai aşyq onlain kurs qūru negizinde mūғalimderdiñ kāsibi qūzyrettiliginiñ qalyptastyru [Formation of teachers' professional competence through MOOCs]. Toraighyrov University Bulletin. Pedagogical Series, no. 1, pp. 31–45. (in Kazakh)

13 Ospanova N., Akanova A., Bajjumanov S., Kuanyşeva R., Kairbaeva A. (2025). Problemy postroenia modeli platformy dlā realizatsii masovyh otkrytyh onlain-kursov [Problems of building a platform model for MOOCs]. Vestnik KazATK, vol. 137, no. 2, pp. 209–220. DOI: <https://doi.org/10.52167/1609-1817-2025-137-2-209-220> (in Russian)

14 Yergaliyeva A.B., Shayakhmetova D.B. (2022). Vospriyatie studentami i prepodavatelyami ispolzovaniya MOOC pri obuchenii professionalnogo angliyskogo yazyka [Students' and teachers' perception of using MOOCs in professional English learning]. Abai KazNPU Bulletin. Pedagogical Sciences Series, no. 2(74), pp. 88–95. DOI: <https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5496.10> (in Russian)

15 Rysbekkyzy N., İsmailova N., Akijanova D., Aşirkulov K. (2025). Sravnitelnyi analiz platform masovogo otkrytogo onlain kursa (MOOK) v prepodavanii angliyskogo iazyka [Comparative analysis of MOOC platforms in teaching English]. Eurasian Journal of Philology. Science and Education, no. 197(1), pp. 192–201. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh2025197118>

16 «ABAI UNIVERSITY» (2022). 2022–2025 jj. arnalған damu strategiasy [Development strategy 2022–2025]. Available at: https://kaznpu.kz/docs/docs/damu_strategia_kaz.pdf (accessed 25.06.2025). (in Kazakh)

17 Obrazovatelnaia platforma Coursera. [Elektronnyi resurs]. Available at: <https://inis.mephi.ru/coursera.htm> (accessed: 28.06.2025). (in Russian)

18 Satbayev University stal liderom sredi vuzov po razrabotke sobstvennyh onlain-kursov [Satbayev University became a leader in developing online courses]. [Elektronnyi resurs]. Available at: <https://bilimdinews.kz/?p=138451> (accessed: 28.06.2025). (in Russian)

19 Lane L.M. (2012). Three Kinds of MOOCs. Available at: <http://lisa-history.net/wordpress/2012/08> (accessed: 28.06.2025).

АНАЛИЗ ПОТЕНЦИАЛА И ОГРАНИЧЕНИЙ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МАССОВЫХ ОТКРЫТЫХ ОНЛАЙН-КУРСОВ (МООК)

Белхожаева Д.Ж.^{1,}, Жомартқызы А.¹, Даубасов С.Ш.²*

¹*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы*

²*Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы*

*e-mail: dinar_15@list.ru, zhomartkyzya8@gmail.com, sabit_75@mail.ru

Аннотация. В данном исследовании проводится анализ потенциала интеграции массовых открытых онлайн-курсов в образовательный процесс, а также факторов, препятствующих их применению. Переход высших учебных заведений на дистанционные формы обучения с использованием технических средств в условиях пандемии значительно повысил спрос на цифровые образовательные ресурсы. В этом контексте внедрение онлайн-курсов рассматривалось как оперативное и ресурсно эффективное решение. Тем не менее, на сегодняшний день уровень использования и распространённости онлайн-курсов в университетской среде остаётся относительно низким. Эта ситуация обусловила актуальность настоящего исследования, целью которого стало выявление причин ограниченного применения онлайн-курсов, а также разработка предложений по их более эффективной интеграции. Эмпирическую базу исследования составили данные, собранные в ходе опросов и интервью с преподавателями высших учебных заведений. Результаты исследования позволили выявить основные барьеры интеграции онлайн-курсов: специфику формата, недостаточную мотивацию преподавателей, административные риски при включении курсов в образовательные программы, а также слабую нормативную базу в университетах. Вместе с тем исследование подтверждает высокий потенциал онлайн-курсов в аспектах расширения академической мобильности обучающихся и повышения доступности образовательных ресурсов. В статье также представлены рекомендации по оптимизации подходов к использованию онлайн-курсов и совершенствованию механизмов их интеграции в образовательный процесс университетов.

Ключевые слова: *юриспруденция, правовое сознание, цифровые технологии, цифровые платформы, массовые открытые онлайн-курсы (МООК), гибридное обучение, интеграция.*

ANALYSIS OF OPPORTUNITIES AND BARRIERS TO THE USE OF MASS OPEN ONLINE COURSES (MOOC)

D. Belkhozhayeva^{1,*}, A. Zhomartkyzy¹, S. Daubassov²

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty

²Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty

*e-mail: dinar_15@list.ru, zhomartkyzya8@gmail.com, sabit_75@mail.ru

Abstract. This study analyzes the potential for integrating online courses into the educational process, as well as the factors hindering their implementation. The transition of higher education institutions to distance learning using technical means during the pandemic has significantly increased the demand for digital educational resources. In this context, the introduction of online courses was seen as a quick and resource-efficient solution. However, to date, the level of use and prevalence of online courses in the university environment remains relatively low. This situation has made this study relevant, the aim of which was to identify the reasons for the limited use of online courses and to develop proposals for their more effective integration. The empirical basis of the study was data collected through surveys and interviews with teachers at higher education institutions. The results of the study revealed the main barriers to the integration of online courses: the specificity of the format, insufficient motivation of teachers, administrative risks when including courses in educational programmes, and a weak regulatory framework in universities. At the same time, the study confirms the high potential of online courses in terms of expanding academic mobility for students and increasing the accessibility of educational resources. The article also provides recommendations for optimising approaches to the use of online courses and improving mechanisms for their integration into the educational process at universities.

Keywords: jurisprudence, legal awareness, digital technologies, digital platforms, massive open online courses (MOOCs), hybrid learning, integration.

Авторлар туралы мәліметтер:

Белхожаева Динара Жомартовна* – PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: dinar_15@list.ru, ORCID: 0000-0002-4348-0556).

Жомартқызы Арайлым – құқық магистрі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zhomartkyzya8@gmail.com, ORCID: 0009-0007-9863-0447).

Даубасов Сабит Шинжрханович – заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., e-mail: sabit_75@mail.ru, ORCID: 0009-0004-0368-9517).

Сведения об авторах:

Белхожаева Динара Жомартовна* – PhD, Казахского национального педагогического университета имени Абая (Казахстан, г. Алматы, e-mail: dinar_15@list.ru, ORCID: 0000-0002-4348-0556).

Жомартқызы Арайлым – магистр права, Казахского национального педагогического университета имени Абая (Казахстан, г. Алматы, e-mail: zhomartkyzya8@gmail.com, ORCID: 0009-0007-9863-0447).

Даубасов Сабит Шинжрханович – кандидат юридических наук, Казахского национального университета имени аль-Фараби (Казахстан, г. Алматы, e-mail: sabit_75@mail.ru, ORCID: 0009-0004-0368-9517).

Information about authors:

Belkhozhayeva Dinar* – PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: dinar_15@list.ru, ORCID: 0000-0002-4348-0556).

Zhomartkyzy Arailym – Master of law, Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan, Almaty, e-mail: zhomartkyzya8@gmail.com, ORCID: 0009-0007-9863-0447).

Daubassov Sabit – candidate of Juridical sciences, al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: sabit_75@mail.ru, ORCID: 0009-0004-0368-9517).